Бекітемін
«Жұмабек Ахметұлы
Тәшенев атындағы
университеті» АҚ ректоры
Қ.С.Байболов
_____ 202_4_ жыл

# САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

## *УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ*
*УЕ -52 -24*

## *БІТІРУШІ ТҮЛЕКТЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ (АССОЦИАЦИЯ) ТУРАЛЫ*

## АЛҒЫ СӨЗ

1. Мансап және жұмысқа орналастыру орталығымен
ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлеген – Мансап және жұмысқа орналастыру орталығының басшысы Р.О. Халикова
3. Келісілді – Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор экономика ғылымдарының кандидаты, доцент П.Т. Байнеева
– Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару бөлімінің басшысы И.С.Ким
4. «Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті» АҚ Ғылыми кеңесінің _27_ _11_ 2024ж. №_5_ мәжілісінде талқыланып мақұлданды.
5. Енгізілді – 2024ж.
6. Тексеру мерзімі – 5 жыл.

**Қызмет бабында пайдаланатын басылым**

Шымкент, 2024

## 1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті» АҚ бітіруші түлектер Қауымдастығы (ары қарай - Қауымдастық) –өзін-өзі басқару негізінде білім алушылар мен түлектер мүдделерінің ортақтастығымен анықталатын қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған ерікті ұйым, жоғары оқу орны құрылымының тұрақты қызметін атқаратын бөлімі.

## 2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1. Бұл ережеде Түлектер Қауымдастығының қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Азаматтық» Кодексі, Қазақстан Республикасының басқа да заңдары мен өзге де құқықтық актілері негізінде жүзеге асырылады.

2.2. Қауымдастық заңды тұлға болып табылмайды. Қауымдастықтың барлық іс-қимыл әрекеттерін, университет ректорымен келісе отырып, жүзеге асырады.

## 3. ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. «Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті» АҚ-ның жарғылық міндеттерді іске асыру үшін түлектерді біріктіру;

3.2. «Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті» АҚ-ның ынтымақтастығын жергілікті атқарушы билік органдарымен, коммерциялық және қоғамдық ұйымдармен тиімді қамтамасыз ету және ынтымақтастық келісімдер орнату;

3.3. «Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті» АҚ-ның ардагерлеріне қолдау көрсету және университет қабырғасындағы мүгедек, жартылай жетім, тұл жетім білім алушыларға көмек көрсету;

3.4. Жыл сайынғы бітіруші түлектердің жұмыспен қамтылуы үшін түрлі мемлекеттік бағдарламаларды түлектерге таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізу;

3.5. ЖОО-нын бітіріп кеткен түлектермен байланысты арттыра отырып, маман даярлаушы кафедралар мен түлектердің үздіксіз қарым-қатынасын қалыптастыру;

3.6. Әр саланы басқарып отырған қауымдастық мүшелерінің пікірлерін саралай отырып, нарықтық-экономиканың сұраныстарын ескеру арқылы университеттің маман даярлаудағы білім беру бағдарламаларының преспективасын анықтау;

3.7. Әр саланы басқарып отырған қауымдастық мүшелерінің еңбек пен өндірістегі озық тәжірибелерін университетіміздің оқу үдерісіне енгізу;

3.8. ЖОО тынысымен үнемі байланыста болу, университет имиджіне қызмет ету;

3.9. Бітіруші түлектердің жұмысқа орналасуына көмек көрсету;

3.10. Қауымдастық жиналыстарына және кеңестің жұмыстарына қатысу.

## 4. ҚАУЫМДАСТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

4.1. Қауымдастық атқаратын жоспары қауымдастық кеңесінің құрамы және жалпы мүшелерінің бас қосуында үш жылда 1 рет талқыланып, бекітіліп отырады.

4.2. Қауымдастықтың жұмыс атқару мерзімі шектелмеген. Оның ұйымдастырушылық құрылымы төмендегідей қағидаларды негізге алады:

4.2.1. Қауымдастықтың ең жоғарғы шешім қабылдаушы органы болып оның барлық мүшелерінің жиналысы саналады.

4.2.2. Жалпы жиналыстың құзіреттілігіне кіреді:

- ережені өзгерту және қабылдау;
- атқарылатын қызметтердің негізгі бағыттарын анықтау;
- қауымдастық кеңесін қайта құру;
- қауымдастық кеңесінің төрағасын, төраға орынбасарын, құрамын жалпы жиналыста ашық дауыс арқылы сайлау;
- қауымдастық қызметін тоқтату.

4.3. Қауымдастық кеңесінің құрамына кіретіндер:

- ректорат өкілдері;
- университет ардагерлер кеңесінен бір өкіл;
- жастар комитетінен бір өкіл;
- Қауымдастық мүшелері ретінде барлық ЖОО бітірген түлектер және ЖОО бітіруші түлектер;

4.4. Қауымдастық кеңесінің төрағасы мен оның құрамы Ғылыми кеңес не Ректорат мәжілісінде 3 (үш) жылға сайланады.

## 5. ҚАУЫМДАСТЫҚ ҚҰРАМЫНА КІРУ ТӘРТІБІ:

5. 1. Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университетінің жоғары білім, екінші жоғары білім, бакалавриат, магистратураны бітірген түлектері Қауымдастық мүшесі бола алады;

5.2. Қауымдастық мүшелігіне қабылдану үшін төменде көрсетілген поштаға жазсаңыз болады; https://forms.gle/yScxsh9YdvQxN3gQ9.

5.3. Қауымдастыққа кіргендерге тіркеуден кейін, Қауымдастық қызметтері мен мүшелері қатыса алатын университет қабырғасында өткізілетін іс-шаралар туралы ақпарат жіберіледі. Қауымдастық мүшелері ұйым жұмысының нәтижелілігін арттыруға бағытталған өз ұсыныстарын жолдай алады.

## 6. ҚАУЫМДАСТЫҚ ЕРЕЖЕСІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ:

6.1. Қауымдастық туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қауымдастық мүшелерінің жалпы жиналысында қабылданады.

6.2. Қауымдастық туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қауымдастық мүшелерінің жалпы жиналысында қабылдаған сәттен бастап күшіне енеді.

## 7. ҚАУЫМДАСТЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТОҚТАТЫЛУЫ

7.1. Қауымдастықты тарату оның мүшелері бірлескен қызметті жалғастыруға мүдделілігін жоғалтқан жағдайда жүзеге асырылады.

7.2. Қауымдастықты тарату оның мүшелері бірлескен отырыста ашық дауыс беру арқылы жүзеге асырылады.

**КЕЛІСІЛДІ**

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор — П.Т.Байнеева

Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапа менеджменті бөлімінің басшысы — И.С.Ким

## ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

| Р/с | Аты-жөні | Қызметі | Мерзімі | Қолы |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |